

2004 жылға арналған облыстық бюджет туралы

Қарағанды облыстық Мәслихатының III сессиясының 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 36 шешімі. Қарағанды облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 30 желтоқсанда N 1365 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі "Бюджет жүйесі туралы" N 357 -І Заңына , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ Заңына сәйкес облыстық Мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. N 1 қосымшаға сәйкес 2004 жылға арналған облыстық бюджет келесі көлемде б е к і т і л с і н :

- 1) түсімдер - 24948018 мың теңге.
о н ы ң і ш і н д е :
кірістер - 12352800 мың теңге;
алынған ресми трансферттер - 11582590 мың теңге;
несиелерді қайтару - 799628 мың теңге.
- 2) шығыстар - 25451197 мың теңге.
о н ы ң і ш і н д е :
шығындар бойынша - 25033197 мың теңге;
несиелерге - 418000 мың теңге;
- 3) тапшылық - 503179 мың теңге.

Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес қамтамасыз етілсін. <*>

Ескерту. 1 тармаққа өзгеріс енгізілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының IV сессиясының 2004 жылғы 12 ақпандағы N 69 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының V сессиясының 2004 жылғы 18 наурыздағы N 76 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының VII сессиясының 2004 жылғы 3 маусымдағы N 104 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының VIII сессиясының 2004 жылғы 1 шілдедегі N 123 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының IX сессиясының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 129 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының X сессиясының 2004 жылғы 11 желтоқсандағы N 148 шешімімен .

2. 2004 жылға арналған облыстық бюджеттің түсімдері Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" Заңына сәйкес қалыптасады.

3. Облыстық бюджеттің, аудандар мен қалалардың бюджеттерінің кірістеріне 2004 жылға арналған бөлу нормативтері келесі мөлшерде белгіленсін:

- 1) әлеуметтік салық бойынша:

Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Жаңа Арқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ұлытау, Шет аудандары бойынша - 50%, Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қаражал, Приозерск, Саран, Сәтпаев, Теміртау, Шахтинск қалалары бойынша - 30%;

2) алкогольдік өнімдерге акциздер бойынша:

Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Жаңа Арқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ұлытау, Шет аудандары мен Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қаражал, Приозерск, Сәтпаев, Саран, Теміртау, Шахтинск қалалары бойынша - 10%;

3) облыстық бюджетке қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем бойынша - 100%;

4) коммуналдық меншік мүлкін жалға беруден, иесіз мүлікті, белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өткен қайтарусыз мүлікті, қараусыз жануарларды, олжаларды, сондай-ақ, мемлекетке мұрагерлік құқы бойынша өткен мүлікті сатудан, табиғатты пайдаланушылардан келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша алынған төлемдер, аңшылықтың және балық аулаудың тәркіленген құралдарын, заңсыз олжаланған өнімдерді сатудан түскен қаражаттар, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдылықты бұзғаны үшін айыппұлдар бойынша: облыстық бюджетке - 100%.

4. Республикалық бюджеттегі ресми трансферттердің құрамында 1916956 мың теңге сомасында мақсатты трансферттер көзделетіні ескерілсін, оның ішінде:

селолық округтердің әкімдерінің аппараттарын ұстауға 298911 мың теңге;

Приозерск қаласының инфрақұрылымдарын қолдауға 200000 мың теңге;

білім беру және денсаулық сақтау объектілерінің құрылысы мен қайта жаңартылуына арналған мақсатты инвестициялық трансферттер 470000 мың теңге;

шағын қалаларды, соның ішінде экономикасы күйзеліске ұшыраған қалаларды дамытуға 30000 мың теңге;

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы жабық акционерлік қоғамының теңгерімінен берілген жалпы білім беретін оқу орындарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге 119707 мың теңге;

жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің үлгілік штаттарын ұстауды қамтамасыз етуге 160369 мың теңге;

жаңадан іске қосылған білім беру объектілерін ұстауға 27885 мың теңге;

иелік етуші тәрбиелеушілерге берілген (берілетін) сәбилерді (балаларды) ұстауға ақшалай қаражат төлеуге 7984 мың теңге;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде орта кәсіптік оқу орындарында оқитын студенттердің стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға 25152 мың теңге;

жаңадан іске қосылған денсаулық сақтау объектілерін ұстауға 55495 мың теңге;

учаскелік полиция инспекторларының ақшалай үлесін және материалдық-техникалық жарақтандырылуын ұлғайтуға 80407 мың теңге;

мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқитын, есту және көру қабілеті бұзылған мүгедек балаларды сурдо және тифлоқұралдармен қамтамасыз етуге - 7296

м ы ң

т е ң г е ;

мемлекеттің тұтастығы мен Қазақстан халықтарының бірлігін рәміздейтін Ұлытау тауында салынатын монументке - 40000 мың теңге мақсатты инвестициялық трансфертер .

Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысына арналған мақсатты инвестициялық трансферттер - 393750 мың теңге. <*>

Ескерту. 4 тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық Мәслихатының IV сессиясының 2004 жылғы 12 ақпандағы N 69 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының V сессиясының 2004 жылғы 18 наурыздағы N 76 шешімімен , өзгерістер және толықтырулар енгізілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының VII сессиясының 2004 жылғы 3 маусымдағы N 104 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының VIII сессиясының 2004 жылғы 1 шілдедегі N 123 шешімімен .

4-1. 2004 жылға арналған облыстық бюджетте:
республикалық бюджеттен нөлдік сыйақы мөлшерлемесі бойынша 270000 мың теңге сомасында кредит түсетіні;

жергілікті бюджеттік бағдарламалар "Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын өткізуге ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелеу" ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелеу үшін жанар-жағар материалдар, тұқым, тыңайтқыш, гербицид, тұқымды дәрілегіштер сатып алуға, ауыл шаруашылығы машиналары үшін қосалқы бөлшектер мен жалға алуға немесе ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алуға, "Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына арналған несиелерді орналастыруға екінші деңгейдегі банктердің делдалдық сыйақыларын төлеу"

қ а р а с т ы р ы л а д ы ;

екінші деңгейдегі банктердің 270000 мың теңге сомасында алынған несиелерін 2004 жылдың 25 қарашасына дейін қайтару;

жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджет алдындағы қарызы, 270000 мың теңге сомасындағы қарызын 2004 жылдың 1 желтоқсанына дейін өтеу. <*>

Ескерту. 4-1 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының IV сессиясының 2004 жылғы 12 ақпандағы N 69 шешімімен .

4-2. "Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын өткізуге ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелеу" бағдарламасы бойынша бөлінген қаражаттарды мақсатқа пайдалану, оларды облыстық бюджетке уақытында қайтару жауапкершілігі бағдарлама әкімшісі - Қарағанды облыстық ауыл шаруашылығы Департаментіне жүктеледі . < * >

Ескерту. 4-2 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының IV сессиясының 2004 жылғы 12 ақпандағы N 69 шешімімен .

4-3. 4-1, 4-2 тармақтарының орындалуын бақылау өнеркәсіп, құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты

комиссияларға, облыстық Мәслихаттың тексеру комиссиясына жүктеледі. <*>

Ескерту. 4-3 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының IV сессиясының 2004 жылғы 12 ақпандағы N 69 шешімімен .

4-4. Облыстық бюджеттің түсімдерінің құрамында республикалық бюджеттен нөлдік сый ақы (мүдде) мөлшерлемесі бойынша тұрғын үй саясатын іске асыру ауқымында 377300 мың теңге сомасында тұрғын үй құрылысына арналған несие көзделетіні ескерілсін. <*>

Ескерту. 4-4 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының VIII сессиясының 2004 жылғы 1 шілдедегі N 123 шешімімен .

5. Облыстық бюджетке қалалардың бюджеттерінен 2880210 мың теңге сомасында 2004 жылға бюджеттік алулардың көлемі белгіленсін, оның ішінде:

Қарағанды	-	118622	мың	теңге;
Жезқазған	-	718003	мың	теңге;
Теміртау	-	2043585	мың	теңге. <*>

Ескерту. 5 тармаққа өзгеріс енгізілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының V сессиясының 2004 жылғы 18 наурыздағы N 76 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының VII сессиясының 2004 жылғы 3 маусымдағы N 104 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының VIII сессиясының 2004 жылғы 1 шілдедегі N 123 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының X сессиясының 2004 жылғы 11 желтоқсандағы N 148 шешімімен .

6. 2004 жылы облыстық бюджеттен аудандар мен қалалардың бюджеттеріне берілетін субвенциялардың мөлшері жалпы 5970086 мың теңге сомасында белгіленсін, о н ы ң і ш і н д е :

Абай	-	394253	мың	теңге;
Ақтоғай	-	248739	мың	теңге;
Бұқар жырау	-	596676	мың	теңге;
Жаңа арқа	-	316185	мың	теңге;
Қарқаралы	-	832224	мың	теңге;
Нұра	-	508749	мың	теңге;
Осакаров	-	440828	мың	теңге;
Ұлытау	-	205701	мың	теңге;
Шет	-	442105	мың	теңге;
Балқаш қаласы	-	141023	мың	теңге;
Сәтпаев қаласы	-	407430	мың	теңге;
Қаражал қаласы	-	188322	мың	теңге;
Приозерск қаласы	-	150859	мың	теңге;
Саран қаласы	-	475458	мың	теңге;
Шахтинск қаласы	-	621534	мың	теңге. <*>

Ескерту. 6 тармаққа өзгеріс енгізілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының V

сессиясының 2004 жылғы 18 наурыздағы N 76 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының VII сессиясының 2004 жылғы 3 маусымдағы N 104 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының VIII сессиясының 2004 жылғы 1 шілдедегі N 123 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының X сессиясының 2004 жылғы 11 желтоқсандағы N 148 шешімімен .

7. 2004 жылға арналған бюджет аралық трансферттерді анықтаған кезде Қазақстан Республикасының заңдылықтарында белгіленген еңбек ақы төлеу жүйесіне сәйкес мемлекеттік мекемелер мен қазынашылық кәсіпорындардың қызметкерлерінің еңбек ақыларын төлегенде аудандар мен қалалардың бюджеттерінде қаражаттар толық көлемде ескерілетіні белгіленсін.

8. 2004 жылға арналған облыстық бюджеттің, сондай-ақ, аудандар мен қалалардың бюджеттерінің шығыстарының құрамында орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің кітапхана қорын жаңарту үшін оқулықтар сатып алуға және жеткізіп беруге және жалпы білім беретін орта мектептердің "Интернет" желісіне кіру мүмкіндігі мен қызметін пайдалануды қамтамасыз етуге қаражат көзделетіні ескерілсін .

9. 2004 жылға арналған аудандар мен қалалардың бюджеттерінің шығыстарында Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық - педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" N 343-ІІ Заңын іске асыруға 2 қосымшада анықталғаннан төмен болмайтын мөлшерде қаражат көзделетіні ескерілсін.

10. 2004 жылға арналған аудандар мен қалалардың бюджеттерінің шығыстарында және облыстық бюджеттің шығыстарында тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсетуге 6978533 мың теңге сомасында, оның ішінде Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" N 505 Заңына сәйкес 1201418 мың теңге сомасында қосымша қаражаттар көзделетіні б е л г і л е н с і н .

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін орындауға арналған қаражаттар аудандар мен қалалардың бюджеттерінде 3 қосымшада анықталғаннан төмен болмауы к ө з д е л е д і .

< * >

Ескерту. 10 тармаққа өзгеріс енгізілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының V сессиясының 2004 жылғы 18 наурыздағы N 76 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының VII сессиясының 2004 жылғы 3 маусымдағы N 104 шешімімен .

10-1. Облыстық бюджеттің шығыстарының құрамында денсаулық сақтау объектілерінің құрылысы мен қайта жаңартылуына 270000 мың теңге шығыстар көзделетіні ескерілсін.

< * >

Ескерту. 10-1 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының IV сессиясының 2004 жылғы 12 ақпандағы N 69 шешімімен .

11. 2004 жылға арналған облыстық бюджеттің шығыстарының құрамында 4 қосымшаға сәйкес аудандар мен қалалардың селолық округтердің әкімдерінің аппараттарын ұстауға, шағын қалаларды, соның ішінде экономикасы күйзеліске ұшыраған қалаларды дамытуға, "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы жабық акционерлік қоғамының теңгерімінен берілген жалпы білім беретін оқу орындарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің үлгілік штаттарын ұстауды қамтамасыз етуге, жаңадан іске қосылған білім беру объектілерін ұстауға, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде орта кәсіптік оқу орындарында оқитын студенттердің стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға, жаңадан іске қосылған денсаулық сақтау объектілерін ұстауға, учаскелік полиция инспекторларының ақшалай үлесін және материалдық-техникалық жарақтандырылуын ұлғайтуға мақсатты трансферттер көзделетіні ескерілсін. <*>

Ескерту. 11 тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық Мәслихатының V сессиясының 2004 жылғы 18 наурыздағы N 76 шешімімен .

12. 2004 жылға арналған облыстық бюджеттің шығыстарының құрамында Приозерск қаласының инфрақұрылымдарын қолдауға Приозерск қаласына 200000 мың теңге сомасында мақсатты трансферттер көзделетіні ескерілсін. <*>

Ескерту. 12 тармаққа өзгеріс енгізілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының VIII сессиясының 2004 жылғы 1 шілдедегі N 123 шешімімен .

12-1. Облыстық бюджеттің шығыстарының құрамында Сәтпаев қаласының бюджетіне 200000 мың теңге сомасында орта мектептің құрылысына арналған инвестициялық трансферттер көзделетіні ескерілсін. <*>

Ескерту. 12-1 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының IV сессиясының 2004 жылғы 12 ақпандағы N 69 шешімімен .

12-2. Облыстық бюджеттің шығыстарының құрамында:
Жаңа Арқа ауданының бюджетіне орта мектептерді күрделі жөндеуге 16000 мың теңге сомасында ;

Ақтоғай ауданының бюджетіне Ақтоғай селосындағы мәдениет үйін күрделі жөндеуге 10000 мың теңге сомасында ;

Шахтинск қаласының бюджетіне Шахан поселкесіндегі су құбырларының желісін жөндеуге 50000 мың теңге сомасында ;

Абай ауданының бюджетіне Абай қаласын сумен апатсыз қамтамасыз ету үшін 30000 мың теңге сомасында мақсатты трансферттер көзделетіні ескерілсін. <*>

Ескерту. 12-2 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының V сессиясының 2004 жылғы 18 наурыздағы N 76 шешімімен .

12-3. Облыстық бюджеттің шығыстарының құрамында мемлекеттің тұтастығы мен Қазақстан халықтарының бірлігін рәміздейтін Ұлытау тауында салынатын монументке Ұлытау ауданының бюджетіне 40000 мың теңге сомасында мақсатты инвестициялық трансферттер көзделетіні ескерілсін. <*>

Ескерту. 12-3 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының VII сессиясының 2004 жылғы 3 маусымдағы N 104 шешімімен .

1 2 - 4 . < * >

Ескерту. 12-4 тармақ алынып тасталды - Қарағанды облыстық Мәслихатының VIII сессиясының 2004 жылғы 1 шілдедегі N 123 шешімімен .

12-5. Облыстық бюджеттің шығыстарының құрамында Қарағанды қаласының бюджетіне 247709 мың теңге сомасында және Теміртау қаласының бюджетіне 146041 мың теңге сомасында мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысына арналған мақсатты инвестициялық трансферттер көзделетіні ескерілсін. < * >

Ескерту. 12-5 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының VIII сессиясының 2004 жылғы 1 шілдедегі N 123 шешімімен , өзгеріс енгізілді - Қарағанды облыстық Мәслихатының IX сессиясының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 129 шешімімен .

12-6. Облыстық бюджеттің шығыстарының құрамында тұрғын үй құрылысын несиелеу үшін Қарағанды қаласының бюджетіне 377300 мың теңге сомасында мақсатты инвестициялық трансферттер көзделетіні ескерілсін.

Облыстық бюджетке несиелерді қайтару заңдылықтарға сәйкес қамтамасыз етілсін.

< * >

Ескерту. 12-6 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының VIII сессиясының 2004 жылғы 1 шілдедегі N 123 шешімімен .

13. 2004 жылға арналған облыстық бюджеттің шығыстарының құрамында селолық аудандардың "Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету мамандарының және денсаулық сақтау ұйымдарының жіберуіне байланысты стационарлық медициналық көмек көрсету", "Халыққа бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету", "Жедел және шұғыл көмек көрсету", "Азаматтардың жекелеген санаттарын арнаулы балалардың және емдік тағамдардың өнімдерімен қамтамасыз ету", "Жергілікті деңгейде аурулар бойынша халықты дәрілік заттармен қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламаларын қаржыландыруға қаражат көзделетіні ескерілсін.

14. Облыстық бюджеттің шығыстарының құрамында Сәтпаев қаласының аумағында орналасқан туберкулезге қарсы күрес диспансерін, туберкулезге қарсы күрес диспансері мен психоневрологиялық диспансерді ұстауға қаражаттар көзделетіні ескерілсін.

14-1. Жезқазған қаласы бюджетінің бюджет аралық трансферттерінің көлемін анықтаған кезде Сәтпаев қаласы бюджетінің шығыстарын азайту есебінен ағымдағы жылдың алты айында Сәтпаев қаласының полиция бөлімін ұстауға арналған шығыстар есепке алынғаны ескерілсін. < * >

Ескерту. 14-1 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының VIII сессиясының 2004 жылғы 1 шілдедегі N 123 шешімімен .

15. 2004 жылға арналған облыстық бюджеттің шығыстарының құрамында " Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік төлемдер" бағдарламасы бойынша келесі санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетуге 260114 мың теңге сомасында қаражат көзделетіні белгіленсін:

зейнетақысы мен жәрдемақысы айына 6600 теңге мөлшерінен төмен зейнеткерлер мен әлеуметтік жәрдемақы алатындарға - қалаішілік қоғамдық көліктерде (таксиден басқасы) жеңілдікпен жүруге;

жекелеген санаттағы азаматтарға (мүгедектерге және басқаларына) - мерейтойлық, мерекелік күндеріне, науқастануына, қайтыс болуына байланысты біржолғы материалдық көмек көрсетуге.

16. 2004 жылға арналған облыстық бюджеттің шығыстарының құрамында қоғамдық көліктерде (таксиден басқасы) жеңілдікпен жүруге 652458 мың теңге сомасында қаражат келесі санаттағы оқушыларға белгіленеді:

бірінші сыныптан бастап сегізінші сыныпты қоса алғанда жалпы білім беретін мектептердің (жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар, лицейлер және басқалары) оқушыларына - тегін жүруге;

жалпы білім беретін оқу орындарының (жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар, лицейлер және басқалары), кәсіптік мектептер мен лицейлердің тоғызыншы сыныптан бастап он бірінші сыныпқа дейінгі оқушыларына, колледждердің, училищелердің оқушыларына құны 200 теңге оқушының жүру билетін сатып алуға;

жоғары оқу орындарының күндізгі бөлімінде оқитын тұлғаларға құны 500 теңге тұратын жүру билетін сатып алуға.

16-1. Ауылдық жерлерде жұмыс істейтін және облыстық бюджеттен қаржыландырылатын денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарының мамандарына, қалалық жағдайда қызметтің бұл түрімен айналысатын мамандардың мөлшерлемесімен салыстырғанда айлықтары (тарифтік мөлшерлемелері) 2004 жылы 25% көтерілетіні белгіленсін. < * >

Ескерту. 16-1 тармақпен толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының VII сессиясының 2004 жылғы 3 маусымдағы N 104 шешімімен .

17. Облыс әкімиятының 2004 жылға арналған резерві 207480 мың теңге мөлшерінде бекітілсін:

облыс әкімиятының қаулысымен анықталатын табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жою мен басқа да күтпеген шығыстар үшін - 150000 мың теңге;

соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау үшін - 5480 мың теңге;

төменгі тұрған бюджеттердің кассалық айырмашылықтарын жабуға арналған несиелеу үшін облыстың жергілікті атқарушы органының арнайы резерві - 52000 мың теңге .

Төменгі тұрған бюджеттердің кассалық айырмашылығын жабуды несиелеу нөлдік сыйақы мөлшерлемесі бойынша жүзеге асады. <*>

Ескерту. 17 тармақ өзгерді және толықтырылды - Қарағанды облыстық Мәслихатының IV сессиясының 2004 жылғы 12 ақпандағы N 69 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының V сессиясының 2004 жылғы 18 наурыздағы N 76 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының VII сессиясының 2004 жылғы 3 маусымдағы N 104 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының IX сессиясының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 129 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының X сессиясының 2004 жылғы 11 желтоқсандағы N 148 шешімімен .

18. 5 қосымшаға сәйкес 2004 жылға арналған облыстық бюджеттің ағымдағы бюджеттік бағдарламаларының тізбелері бекітілсін.

19. 6 қосымшаға сәйкес 2004 жылға арналған облыстық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламаларының тізбелері бекітілсін.

20. 7 қосымшаға сәйкес 2004 жылға арналған облыстық бюджетті орындау барысында секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалардың тізбелері бекітілсін.

21. 8 қосымшаға сәйкес 2004 жылға арналған жергілікті бюджетті орындау барысында секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалардың тізбелері бекітілсін.

22. 2004 жылға арналған облыстық бюджетті орындау, сондай-ақ, аудандар мен қалалардың бюджеттерін орындау барысында еңбек ақы төлеуге, тағамдар мен дәрі-дәрмектерге шығыстар секвестрлеуге жатпайтыны белгіленсін.

23. Осы шешім 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді.

С е с с и я т ө р а ғ а с ы

Облыстық Мәслихаттың хатшысы

Қарағанды	облыстық	Мәслихатының
2003	жылғы	25
" 2004	жылға	арналған
облыстық	бюджет	туралы "
III	сессиясының	N
1 қосымша	<*>	36 шешіміне

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық Мәслихатының IV сессиясының 2004 жылғы 12 ақпандағы N 69 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының V сессиясының 2004 жылғы 18 наурыздағы N 76 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының VII сессиясының 2004 жылғы 3 маусымдағы N 104 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының VIII сессиясының 2004 жылғы 1 шілдедегі N 123 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының IX сессиясының 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 129 шешімімен , Қарағанды облыстық Мәслихатының X сессиясының 2004 жылғы 11 желтоқсандағы N 148 шешімімен .

2004 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты				Атаулары		Сома
С ы н ы б ы						(м ы ң
Ішкі сыныбы						т еңг е)
Е р е к ш е л і г і						

1	2	3	4	5		6

			I. Түсімдер			24948018
			Кірістер			12352800
1			Салық түсімдері			12254624
	03		Әлеуметтік салық			11515516
		1	Әлеуметтік салық			11515516
			01 Әлеуметтік салық			11515516
	05		Тауарларға, жұмыстарға және			
			қызметтер көрсетуге салынатын ішкі			
			салықтар			739108
	2		Акциздер			251290
			01 Қазақстан Республикасының аумағында			
			өндірілген спирттің барлық түрлері			1082
			02 Қазақстан Республикасының аумағында			
			өндірілген арақ			4570
			03 Қазақстан Республикасының аумағында			
			өндірілген күшті ликер - арақ			
			бұйымдары және басқа да күшті			
			алкогольді ішімдіктер			549
			04 Қазақстан Республикасының аумағында			
			өндірілген шараптар			3700
			07 Қазақстан Республикасының аумағында			
			өндірілген сыра			234281
			08 Қазақстан Республикасының аумағында			
			өндірілген градусы аз ликер-арақ			
			бұйымдары және этил спиртінің			
			көлемдік үлесі 12 ден 30 процентке			
			дейінгі басқа да әлсіз алкогольді			
			ішімдіктер			901
			12 Қазақстан Республикасының аумағында			
			өндірілген шарап ішімдіктері			3483
			23 Құмар ойын бизнесі			2724

		3	Табиғи және басқа ресурстарды	
			пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	487818
			16 Қоршаған ортаны ластағаны үшін	
			төленетін төлем	487818
2			Салыққа жатпайтын түсімдер	98176
	01		Кәсіпкерлік қызмет пен меншіктен	
			түсетін кірістер	61890
		2	Заңды тұлғалардан және қаржы	
			мекемелерінен түсетін салыққа	
			жатпайтын түсімдер	61890
			29 Коммуналдық меншік мүлкін жалға	
			беруден түсетін түсімдер	61890
	02		Әкімшілік алымдар мен төлемдер,	
			коммерциялық емес және ілеспе	
			саудадан алынатын кірістер	36
		3	Коммерциялық емес және ілеспе	
			саудадан алынатын басқа да төлемдер	
			мен кірістер	36
			06 Иесіз мүлікті, белгіленген тәртіппен	
			коммуналдық меншікке өтеусіз өткен	
			мүлікті, қадағалаусыз жануарларды,	
			олжаларды, сондай-ақ мұрагерлік	
			құқығы бойынша мемлекетке өткен	
			мүлікті сатудан алынатын түсімдер	36
	03		Айыппұлдар мен санкциялардан түсетін	
			түсімдер	5832
		1	Айыппұлдар мен санкциялар бойынша	
			түсетін түсімдер	5832
			10 Қоршаған ортаны қорғау туралы	
			заңдарды бұзғаны үшін төленетін	
			айыппұлдар	5832
	04		Кредиттер бойынша сыйақылар	
			(мүдделер)	30295
		8	Жергілікті бюджеттен заңды	
			тұлғаларға берілген несиелер бойынша	
			сыйақылар (мүдделер)	30295
			01 Шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін	
			берілген несиелер бойынша сыйақылар	
			(мүдделер)	4397

			02	Ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне	
				берілген несиелер бойынша сыйақылар	
				(мүдделер)	14732
			03	Экономика салаларын қолдау және	
				дамыту үшін берілген несиелер	
				бойынша сыйақылар (мүдделер)	8794
			05	Өзге де несиелер бойынша сыйақылар	
				(мүдделер)	2372
	05			Салыққа жатпайтын басқа да түсімдер	123
		1		Салыққа жатпайтын басқа да түсімдер	123
			05	Табиғатты пайдаланушылардан	
				келтірілген зиянның орнын толтыру	
				туралы талаптар бойынша алынған	
				төлемдер, аңшылықтың және балық	
				аулаудың тәркіленген құралдарын,	
				заңсыз олжаланған өнімдерді сатудан	
				түскен қаражат	71
			10	Жергілікті бюджетке түсетін салыққа	
				жатпайтын басқа да түсімдер	52
4				Алынған ресми трансферттер	11795590
	01			Төмен тұрған мемлекеттік басқару	
				органдарынан алынатын трансферттер	2880210
		3		Аудандық (қалалық) бюджеттерден	
				алынатын трансферттер	2880210
			03	Аудандық (қалалық) бюджеттерден	
				бюджеттік алу	2880210
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған	
				органдарынан түсетін трансферттер	8915380
		1		Республикалық бюджеттен түсетін	
				трансферттер	8915380
		01		Ағымдағы	1013206
		03		Субвенциялар	6998424
			04	Мақсатты инвестициялық трансферттер	903750
5				Кредиттерді қайтару	799628
	01			Ішкі несиелерді қайтару	799628
		6		Заңды тұлғаларға жергілікті	
				бюджеттен берілген несиелерді	
				қайтару	747628
			02	Шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін	

			берілген несиелерді қайтару		56902
			03 Ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне		
			берілген несиелерді қайтару		400319
			04 Экономика салаларын қолдау және		
			дамыту үшін берілген несиелерді		
			қайтару		274316
			06 Басқа да несиелерді қайтару		16091
			7 Аудандардың, қалалардың жергілікті		
			атқарушы органдарының облыстық		
			бюджеттен берілген несиелерді		
			қайтаруы		52000
			01 Кассалық алшақтықты жабуға берілген		
			несиелерді қайтару		52000

Функционалдық топ				Атауы			Сума
Кіші функция							(мың
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі							теңге)
Бағдарлама							

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

			II. Шығыстар		25451197
			Шығындар		25033197
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік		
			қызметтер көрсету		685579
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы		
			функцияларын орындайтын өкілді,		
			атқарушы және басқа органдар		255783
	103		Мәслихат аппараты		24272
		001	Маслихат қызметін қамтамасыз ету		24272
	105		Әкім аппараты		231511
		001	Әкім қызметін қамтамасыз ету		231511
2			Қаржылық қызмет		429796
	105		Әкім аппараты		33918
			003 Жергілікті салықтарды жинауды және		
			рыноктарда бір жолғы талондарды беру		
			жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету		
			және ұйымдастыру		33918

		259	Жергілікті бюджеттен	
			қаржыландырылатын коммуналдық	
			меншіктің атқарушы органы	53601
		001	Жергілікті бюджеттен	
			қаржыландырылатын коммуналдық меншік	
			атқарушы органының қызметін	
			қамтамасыз ету	35382
			002 Коммуналдық меншікті жекешелендіруін	
			ұйымдастыру	7019
			005 Коммуналдық меншікке келіп түскен	
			мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау	
			және ұстау	11200
		260	Жергілікті бюджеттен	
			қаржыландырылатын қаржы атқарушы	
			органы	342277
		001	Жергілікті бюджеттен	
			қаржыландырылатын қаржы атқарушы	
			органының қызметін қамтамасыз ету	327970
			002 Қаржы органдарының ақпараттық	
			жүйесін құру	4343
			009 Салық салу үшін мүлікті бағалауды	
			қамтамасыз ету	9964
2			Қорғаныс	860085
	1		Әскери мұқтаждар	12899
	105		Әкім аппараты	12899
			004 Әскери қызметке қосып жазу және	
			шақыру жөнінде іс-шаралар	12899
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі	
			жұмыстарды ұйымдастыру	847186
	105		Әкім аппараты	847186
			005 Жергілікті деңгейдегі жұмылдыру	
			дайындығы бойынша іс-шаралар	23487
			006 Жергілікті деңгейдегі төтенше	
			жағдайларды жою	823699
3			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік	907685
	1		Құқық қорғау қызметі	907685
	251		Жергілікті бюджеттен	
			қаржыландырылатын ішкі істер	
			атқарушы органы	808546

		001 Жергілікті бюджеттен	
		қаржыландырылатын ішкі істердің	
		атқарушы органының қызметін	
		қамтамасыз ету	749934
		002 Жергілікті деңгейде қоғамдық	
		тәртіпті қорғау және қоғамдық	
		қауіпсіздікті қамтамасыз ету	8612
		004 Ішкі істер органдарының объектілерін	
		дамыту	50000
	274	Жергілікті бюджеттен	
		қаржыландырылатын тұрғын үй -	
		коммуналдық, жол шаруашылығының және	
		көліктің атқарушы органы	99139
		003 Елді мекендерде жол жүру қозғалысын	
		реттеу бойынша жабдықтар мен	
		қаражаттарды іске қосу	99139
4		Білім беру	2281291
	2	Жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы	
		орта білім беру	1063359
	263	Жергілікті бюджеттен	
		қаржыландырылатын Білім, мәдениет,	
		спорт және туризм атқарушы органы	1063359
		004 Жергілікті деңгейдегі жалпы білім	
		беру	625532
		005 Жергілікті деңгейде орта білім	
		жүйесін ақпараттандыру	5815
		006 Орта білім беру мемлекеттік	
		мекемелердің кітапхана қорларын	
		жаңарту үшін оқулықтарды сатып алу	
		және жеткізу	9938
		008 Жергілікті деңгейде балалар мен жас	
		өспірімдер үшін қосымша білім беру	419417
		009 Жергілікті деңгейде мектеп	
		олимпиадаларын өткізу	2657
	3	Бастауыш кәсіптік білім беру	506805
	263	Жергілікті бюджеттен	
		қаржыландырылатын Білім, мәдениет,	
		спорт және туризм атқарушы органы	506805
		011 Жергілікті деңгейде бастапқы	

			кәсіптік білім беру	506805
4			Орта кәсіби білім беру	370937
	254		Жергілікті бюджеттен	
			қаржыландырылатын денсаулық сақтау	
			атқарушы органы	17757
		002	Жергілікті деңгейде орта кәсіптік	
			білімді мамандарды даярлау	17757
	263		Жергілікті бюджеттен	
			қаржыландырылатын Білім, мәдениет,	
			спорт және туризм атқарушы органы	353180
		012	Жергілікті деңгейде орта кәсіптік	
			білімді мамандарды даярлау	353180
5			Қосымша кәсіби білім беру	46922
	251		Жергілікті бюджеттен	
			қаржыландырылатын ішкі істер	
			атқарушы органы	21144
		007	Ішкі істер органдары кадрларының	
			біліктілігін арттыру және оларды	
			қайта даярлау	21144
	263		Жергілікті бюджеттен	
			қаржыландырылатын Білім, мәдениет,	
			спорт және туризм атқарушы органы	25778
		013	Мемлекеттік мекемелер кадрларының	
			біліктілігін арттыру және оларды	
			қайта даярлау	25778
9			Білім беру саласындағы өзге де	
			қызметтер	293268
	263		Жергілікті бюджеттен	
			қаржыландырылатын Білім, мәдениет,	
			спорт және туризм атқарушы органы	293268
		014	Балалар мен жасөспірімдердің	
			психикалық денсаулығын тексеріп	
			байқау жөнінде халыққа психологиялық	
			-медициналық-педагогикалық кеңестер	
			беру көмегін көрсету	2344
		015	Дамуында проблемалары бар балалар	
			мен жасөспірімдерді оңалту және	
			әлеуметтік бейімдеу	12424
		016	Білім беру объектілерін дамыту	278500

5					Денсаулық сақтау		6004209
		1			Кең бейінді ауруханалар		2110051
				254		Жергілікті бюджеттен	
						қаржыландырылатын денсаулық сақтау	
						атқарушы органы	2110051
						004 Бастапқы медициналық-санитарлық	
						көмек көрсету мамандарының және	
						денсаулық сақтау ұйымдарының	
						жіберуіне байланысты стационарлық	
						медициналық көмек көрсету	2110051
		2				Халықтың денсаулығын қорғау	389819
				254		Жергілікті бюджеттен	
						қаржыландырылатын денсаулық сақтау	
						атқарушы органы	151984
						005 Жергілікті деңгейде қанды	
						(ауыстырғыш) өндіру	53372
				006		Ана мен баланы қорғау	92642
						007 Жергілікті деңгейде салауатты өмір	
						сүруді насихаттау	5970
				278		Жергілікті бюджеттен	
						қаржыландырылатын санитарлық-	
						эпидемиологиялық қадағалаудың	
						атқарушы органы	237835
						001 Жергілікті бюджеттен	
						қаржыландырылатын санитарлық-	
						эпидемиологиялық қадағалау атқарушы	
						органының қызметін қамтамасыз ету	44904
						002 Санитарлық - эпидемиологиялық әл -	
						ауқатын қамтамасыз ету	192279
						003 Жергілікті деңгейде індетке қарсы	
						к ү р е с	6 5 2
		3				Мамандандырылған медициналық көмек	1689008
				254		Жергілікті бюджеттен	
						қаржыландырылатын денсаулық сақтау	
						атқарушы органы	1689008
						008 Айналадағылар үшін қауіп төндіретін	
						әлеуметтік - елеулі аурулармен	
						ауыратын адамдарға медициналық көмек	
						көрсету	1689008

4		Емханалар	782353
	254	Жергілікті бюджеттен	
		қаржыландырылатын денсаулық сақтау	
		атқарушы органы	782353
		009 Халыққа бастапқы медициналық -	
		санитарлық көмек көрсету	782353
5		Медициналық көмектің басқа түрлері	314956
	251	Жергілікті бюджеттен	
		қаржыландырылатын ішкі істер	
		атқарушы органы	65445
		009 Ішкі істер органдарының	
		қызметкерлеріне, олардың	
		отбасыларына стационарлық	
		медициналық көмек көрсету	65445
	254	Жергілікті бюджеттен	
		қаржыландырылатын денсаулық сақтау	
		атқарушы органы	249511
		010 Жедел және шұғыл көмек көрсету	231537
		012 Төтенше жағдайларда халыққа	
		медициналық көмекті көрсету	17974
9		Денсаулық сақтау саласындағы өзге де	
		қызметтер	718022
	254	Жергілікті бюджеттен	
		қаржыландырылатын денсаулық сақтау	
		атқарушы органы	718022
		001 Жергілікті бюджеттен	
		қаржыландырылатын денсаулық сақтау	
		атқарушы органының қызметін	
		қамтамасыз ету	26431
		014 Азаматтардың жекелеген санаттарын	
		арнаулы балалардың және емдік	
		тағамдардың өнімдерімен қамтамасыз	
		ету	32171
		015 Паталогоанатомиялық союды жүргізу	1000
		016 Жергілікті деңгейде аурулар бойынша	
		халықты дәрілік заттармен қамтамасыз	
		ету	211920
		017 Денсаулық сақтау объектілерін дамыту	409500
		018 Денсаулық сақтау ақпарат жүйесін	

			құру	3 7 0 0 0
6			Әлеуметтік қамсыздандыру және	
			әлеуметтік көмек	2 7 3 8 1 1 1
	1		Әлеуметтік қамтамасыз ету	1 7 5 9 7 0 0
		258	Жергілікті бюджеттен	
			қаржыландырылатын еңбек және халықты	
			әлеуметтік қорғаудың атқарушы органы	1 5 3 9 6 8 4
		008	Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар	1 1 2 4 8 8 6
		009	Жалпы үлгідегі мүгедектер мен	
			қарттарды әлеуметтік қамтамасыз ету	4 1 4 7 9 8
		263	Жергілікті бюджеттен	
			қаржыландырылатын Білім, мәдениет,	
			спорт және туризм атқарушы органы	2 2 0 0 1 6
		018	Балаларды әлеуметтік қамтамасыз ету	2 2 0 0 1 6
	2		Әлеуметтік көмек	9 0 6 6 5 1
		258	Жергілікті бюджеттен	
			қаржыландырылатын еңбек және халықты	
			әлеуметтік қорғаудың атқарушы органы	2 5 4 1 9 3
			015 Жергілікті өкілетті органдардың	
			шешімі бойынша азаматтардың	
			жекелеген топтарына әлеуметтік	
			төлемдер	2 4 9 1 1 4
			016 Жергілікті деңгейде мүгедектерді	
			әлеуметтік қолдау	5 0 7 9
		263	Жергілікті бюджеттен	
			қаржыландырылатын Білім, мәдениет,	
			спорт және туризм атқарушы органы	6 5 2 4 5 8
			019 Білім беру ұйымдарының күндізгі оқу	
			нысанының оқушылары мен	
			тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау	6 5 2 4 5 8
	9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік	
			қамтамасыз ету салаларындағы өзге де	
			қызметтер	7 1 7 6 0
		258	Жергілікті бюджеттен	
			қаржыландырылатын еңбек және халықты	
			әлеуметтік қорғаудың атқарушы органы	7 1 7 6 0
		001	Жергілікті бюджеттен	
			қаржыландырылатын еңбек және халықты	
			әлеуметтік қорғау атқарушы органының	

			қызметін қамтамасыз ету		62739
			002 Жәрдемақылар мен басқа да әлеуметтік		
			төлемдерді есептеу, төлеу және		
			жеткізу жөніндегі қызмет		
			көрсетулерге төлем жүргізу		9021
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы		485073
	3		Сумен жабдықтау		485073
		274	Жергілікті бюджеттен		
			қаржыландырылатын тұрғын үй -		
			коммуналдық, жол шаруашылығының және		
			көліктің атқарушы органы		485073
			014 Сумен жабдықтау және су бөлу		
			жүйесінің қызмет етуі		268668
			015 Сумен жабдықтау жүйесін дамыту		216405
8			Мәдениет, спорт, туризм және		
			ақпараттық кеңістік		793661
	1		Мәдениет саласындағы қызмет		456302
		263	Жергілікті бюджеттен		
			қаржыландырылатын Білім, мәдениет,		
			спорт және туризм атқарушы органы		456302
			020 Жергілікті деңгейде халықтың мәдени		
			демалысын қамтамасыз ету		398175
			022 Жергілікті деңгейде тарихи-мәдени		
